

О.С. Жұбаева*, А.Д. Кегенбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: alm_ornai@mail.ru, kegenbekova.altyn@gmail.com)

Қазақ тіл біліміндегі өткен шақ түрлеріне қатысты атаулардың қалыптасып, дамуы

Мақала қазақ тіліндегі өткен шақ категориясына қатысты терминдердің қалыптасуын, дамуын зерттеуге арналған. Зерттеу пәніне сәйкес өткен шақ категориясына қатысты терминдер қазақ тіл білімі терминдерінің негізін салушы — Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен бастап қазіргі кездегі қолданыстағы академиялық грамматикалық еңбекке дейін талданды. Қазақ тіліндегі грамматикалық еңбектердің авторларының өткен шақ категориясының тұлғаларын анықтаудағы, өз ішінен жіктеудегі, оларға атау берудегі ұстанымдары анықталды. Өткен шақты беретін тұлғалардың грамматикалық мағыналарының берілген атауға сай келуі, соған сай жұмсалуды басты назарда болды. Соған сәйкес әрбір термин талданып, грамматиканы меңгерудегі рөлі де айтылды. Зерттеудің нәтижесінде А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанов, Т. Қордабаев, Ы. Маманов, А. Ысқақов сынды ғалымдардың еңбектерін зерделеп, ондағы ұстанымдарды басшылыққа алуымыз қажет деген қорытындыға келдік.

Кілт сөздер: өткен шақ, термин, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ, жедел өткен шақ.

Kipicne

Қазіргі кезде тіл білімі тілдің лексикалық, грамматикалық жүйесінде ғаламның концептуалдану ерекшелігін, яғни тілдің ғаламды қалай жіктейтінін, оны қалай көрсететінін, бейнелейтінін зерттеп, табиғи тілдің метатілге айналу үрдісін тексеруді мақсат етіп отыр. Бұл орайда әсіресе грамматикалық категорияға, яғни сөз таптарына семантикалық интерпретация жасау, семантикалық тұрғыдан сипаттау ерекше маңызды болады. Сөз таптарының когнитивті сипаты тілдің мәнін түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ таным ерекшелігін, тілдің қызметін айқындауға жол ашады. Концептуалды мазмұнды талдамайынша, тілдік формалардың қолданыс ерекшеліктерін түсіндіріп беру мүмкін емес. Адамның болмысты түсінуі таным әрекетінің маңызды үдерістерінің бірі — концептуалдаумен тығыз байланысты. Ол адамның ақпаратты қабылдап, тәжірибесіндегі ең кіші бірліктерді айқындауына, заттар мен құбылыстарды концепт түрінде жіктеуіне байланысты болады. Бұл концептілердің негізгі бөлігі тілде сөз мағынасы арқылы бекиді, сол арқылы білім сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырады. Тілдің сөздік құрамын зерттеу арқылы сөйлермендердің тілінде көрініс тапқан негізгі құндылықтарды айқындауға болады. Бұл орайда тілдің тұрпат межесімен қатар мазмұн межесін де ескеру қажет. Адамның, тұтас халықтың дүниетанымын бейнелейтін адамзат санасы мәдениеті мен тілі арқылы көрініс табады. Тілдік білім морфологияның концептуалды кеңістігінде сақталып, репрезентацияланады. Онда тілдік мағына, категориялар мен тұлғалар туралы білімдер сақталып, ғаламның тілде қалай концептуалданатыны көрінеді.

Негізгі бөлім

Қазақ тілінде өткен шақ — өте күрделі категория болып табылады. Ф.Т. Гришко «Прошедшее время в русском и казахском языках» атты еңбегінде орыс тіліндегі, қазақ тіліндегі шақтардың берілуін салыстыра келіп: «В сравнении с русским языком казахский язык богаче формами прошедшего времени: в нем есть вербальные, причастные и деепричастные формы времени, которые подразделяются на достоверные (очевидные) и недостоверные (неочевидные), на недавно и давнопрошедшие» [1; 3], — дейді. Өткен шақтың бұл ерекшелігі, біріншіден, басқа шақ түрлерімен салыстырғанда, өткен шақтың тілде (тілдік санада) ертерек қалыптасқанын танытса, екінші жағынан, зерттеушілердің өткен шақ тұлғаларын тануда түрлі ұстанымдарды басшылыққа алуына байланысты деп ойлаймыз.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: alm_ornai@mail.ru

Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезеңде өткен шақ тұлғалары 1-кестеде берілген:

1 - к е с т е

Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезеңде өткен шақ тұлғаларының танылуы

Н.Ильминский «Материалы к изучению киргизского наречия»	М.Терентьев «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская»	П.М. Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киргизского языка»	И. Лаптев «Краткий грамматический очерк казак-киргизского языка»	Н.Созонтов «Записки по грамматике киргизского языка»
Пр. вр. <i>жаздым</i>	Пр. вр. <i>жазды</i>	Пр. вр. I прошедшее -ды/-ді	Пр. вр. прошедшее безотносительное -ды/-ді	Пр. время прош. вр. I. -ды/-ді
<i>жазыптын</i>	—	Прошедшее совершенное I: -ып/-іп	Прошедшее совершенное I -ып/-іп	Прошедшее время II: -ып/-іп
—	—	Прошедшее совершенное II: -ған	Прошедшее совершенное II: -ған	—
<i>жазып еді</i>	Давно прошедшее: -ып еді	Прошед. повествовательное: -ып еді	Прошед. повествовательное (предварительное): -ып еді	Прошедшее время III: -ып еді
—	—	Давно-прошедшее: -ған еді	Давно-прошедшее: -ған еді	—
—	—	Давно-прошедшее II: -ған екен	—	—
—	Условное прошедшее -са еді	—	—	—
—	—	—	Прошедшее предположительное: -р еді	—

Атаулары әртүрлі болғанымен, зерттеушілер бұрынғы өткен шақ тұлғалары ретінде **ып/-іп, ған/-ген, -ып еді, -ған еді, -ған екен** қосымшаларын көрсетеді. Бұл бүгінгі тілтанымдағы ұстанымдармен ұқсас. М.Терентьевтің **-са еді** (условное прошедшее) [2] және И.Лаптевтің **-р еді** (прошедшее предположительное) [3] тұлғаларын өткен шақ көрсеткіштері ретінде тануы шатастырудан туған болуы керек. *Давно прошедшее время* атауына амал-әрекеттің сөйлеу сәтінен бұрын болып өткені; іс-әрекеттің сөйлеу сәтінен біршама уақыт бұрын болғандығы негіз болса, *прошедшее повествовательное (предварительное)* (П.М. Мелиоранский [4], И.Лаптев) атауына амал-әрекеттің жалпы түрде болып өткендігі негіз болғанын көреміз.

А.Байтұрсынұлы өткен шақты өз ішінен **баяғылық (-ған екен)** және **бұрынғылық (-ушы еді)** деп жіктейді [5]. Қ.Кемеңгерұлы өткен шақтың түрлі реңктерін, атап айтқанда, іс-әрекет, қимылдың өте ертеде болуы не жуық арада өтуі, сөйлеушінің оған қатысы, қимылдың өткен шақта тұрақты, қалыпты түрде өткізіліп тұруы т.с.с. мәндерін көрсеткен [6]. Ғалымның өткен шақты жіктеу 2-кестеде беріледі.

2 - к е с т е

Қ. Кемеңгерұлының өткен шақты жіктеуі

Прежде-прошедшее 1-ое	Действие, которое совершилось прежде	<i>Ол сұрап еді</i>
Прежде-прошедшее 2-ое		<i>Ол сұраған еді</i>
Прошедшее постоянное	а) действие которое совершилось обыкновенно по обычаю и по привычке	<i>Ол қойын бағушы еді — он обыкновенно пас своих баранов</i>

2-кестенің жалғасы

Давно прошедшее	Действие или состояние давно происходившее	<i>Жоғалтқам — жоғалтқанмын — жоғалтқамын — я давно потерял</i>
Прошедшее не определенное	а) действие или состояние, время совершения которого точно неизвестно по давности или по неопределенности	<i>Сен келіпсің — (когда-то) ты приходил</i>

Қ. Кемеңгерұлының шақ түрлерін, оның мәні мен реңкін түсіндіруі өзіне дейінгі ғалымдардан өзгеше екенін көреміз. Зерттеуші олардың еңбектеріне сүйенгенімен, қолданған терминдерін қайталамай, өзінше атау беріп, шақтардың түрліше мән, реңкін де өзінше түсіндіреді. Мәселен, ғалым бұрын дағдылы, қалыпты түрде өтіп тұрған істі білдіретін өткен шақ түрін «прошедшее постоянное» деп атаса, әлі толық аяқтала қоймаған істі білдіретін шақ түрін «несовершенное прошедшее» деп атайды.

Қ. Жұбановтың өткен шақты танып, түсіндіруінде де елеулі өзгешеліктер байқалады:

Өткен шақ:

1. Айғақ өнді өткен шақ: *жазыпты*
2. Аулақ өнді өткен шақ: *жазған*
3. Мойындау өнді өткен шақ: *жазған шығар*
4. Күмән өнді: *жазған шығар*
5. Айғақ баяғылық: *жазған екен*
6. Аулақ баяғылық: *жазған екен*
7. Әдетше баяғылық: *барушы еді, баратын еді*
8. Опық баяғылық: *баратын еді*
9. Арман баяғылық: *бармас па едім* [7].

Қ. Жұбанов өткен шақты тануда амалдың ертеректе не жуық арада өткенін, сөйлеушінің іс-әрекетті өз көзімен көргендей етіп жеткізуін немесе басқа біреудің айтқанына сүйеніп қана айтып отырғанын, сол сияқты қимылдың бұрынғы кезде бірнеше рет қайталанғанын, яғни әдетке айналған іс-әрекет екенін т.с.с. ескеріп, соған байланысты өткен шақ түрлеріне өзінше ат берген. Ғалым өткен шақты тануда амалдың, қимыл-әрекеттің ертеректе не одан бұрын жасалуын негіз етіп алады. Сонымен қатар ғалымның оларды өз ішінен айғақ өнді өткен шақ **(-ып)**, айғақ баяғылық өткен шақ **(-ып еді)**, аулақ өнді өткен шақ **(-ған)**, аулақ баяғылық өткен шақ **(-ған екен)** деп топтастыруы, яғни сөйлеушінің іс-әрекетке қатысын, яғни субъект өзі істің басында болғандай, өз көзімен көргендей баяндауына немесе өзі басы-қасында болмай, басқа біреудің айтқанына немесе басқа мәліметтерге сүйеніп айтуына қарай жіктеген. Қ. Жұбанов **-ушы еді, -атын еді** формаларын өткен шақта дағдылы, қалыпты түрде орындалып тұрған іс-әрекет, қимылды білдіретінін ескеріп, өткен шақтың бір түрі ретінде көрсетіп, «әдетше баяғылық» деп атайды. Негізгі мағынасы өткен уақыттағы дағдылы, әдетке айналған қимылды білдіру болғандықтан, ғалым **-ушы еді, -атын еді** көрсеткіштерін өткен шақ қатарында береді.

Қ. Кемеңгерұлы мен Қ.Жұбановтың өткен шақты тануларынан ұқсастықтар бар:

а) Екі ғалым да амалдың, қимыл-әрекеттің ертеректе не одан бұрын жасалуын негіз етіп алады. Мәселен, Қ.Кемеңгерұлы прежде прошедшее I, II **(-ып еді, -ған еді)**, давнопрошедшее **(-ған)** деп жіктесе, Қ.Жұбанов айғақ өнді өткен шақ **(-ып)**, айғақ баяғылық өткен шақ **(-ып еді)**, аулақ өнді өткен шақ **(-ған)**, аулақ баяғылық өткен шақ **(-ған екен)** деп топтастырады.

ә) Екі ғалым да өткен шақты сөйлеушінің іс-әрекетке қатысын, яғни субъект өзі істің басында болғандай, өз көзімен көргендей баяндауына немесе өзі басы-қасында болмай, басқа біреудің айтқанына немесе басқа мәліметтерге сүйеніп айтуына қарай жіктейді.

б) Екі ғалым да **-ушы еді, -атын еді** формаларын өткен шақта дағдылы, қалыпты түрде орындалып тұрған іс-әрекет, қимылды білдіретінін ескеріп, өткен шақтың бір түрі ретінде көрсетеді. Қ. Кемеңгерұлы оны «прошедшее определенное» десе, Қ. Жұбанов «әдетше баяғылық» деп атайды. Негізгі мағынасы өткен уақыттағы дағдылы, әдетке айналған қимылды білдіру болғандықтан, Қ. Кемеңгерұлы **-ушы еді, -атын еді** көрсеткіштерін өткен шақ қатарында береді. **-ушы** қосымшасын Қ. Кемеңгерұлы осы шақ есімше, **-атын** жұрнағын осы келер шақ есімше деп атайды. Бірақ аталған есімшелердің *еді* көмекші етістігімен тіркескенде, осы шақтық мәнінен айырылып, өткен шаққа ауысып кететінін байқаған.

1930-жылдарға дейінгі еңбектерде **-атын/-етін** қосымшасы шақ көрсеткіші ретінде берілмейді. Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанов еңбектерінде **-атын** қосымшасының *еді* көмекші етістігімен тіркесі (**-атын еді**) өткен шақ түрі ретінде қарастырылады. **-атын/-етін** жұрнақтарының жалаң түрін Қ. Жұбанов *кесімді келер шақ* ретінде сипаттайды, ал І. Кеңесбаев, С. Аманжолов оқулықтарында бұл қосымша өткен шақтың көрсеткіші ретінде түсіндіріледі. Қ. Кемеңгерұлы **-атын/-етін** қосымшасын контекстке қарай бірде келер шақты, бірде өткен шақты, бірде осы шақты білдіруіне байланысты *осы келер шақ есімше* деп атағанымен, шақ көрсеткіші ретінде қарастырмайды.

І. Кеңесбаев өткен шақты «простое прошедшее, давнопрошедшее I, II, III, прошедшее переходное» түрінде саралайды. Ғалым бұрынғы уақытта әдет болған, дағдылы қимылды білдіретін **-ушы еді, -атын еді** қосымшаларын **-ып еді, -ған еді** формаларымен қатар бұрынғы өткен шақ (давнопрошедшее III) түрінде сипаттаған. Алайда бұл көрсеткіштердің біраз ерекшеліктері бар: *келіп еді, келген еді* деген тіркестерде келу қимылы бір-ақ рет болғанын білдірсе, *келетін еді, келуші еді* десек, келу қимылы бір рет емес, бірнеше рет, дағдылы түрде болғанын, әдетке айналған амал-әрекетті білдіреді.

С. Аманжолов, Ғ. Бегалиев, Н. Сауранбаев оқулықтарында **-ып еді, -ған еді, -ушы еді, -атын еді** көрсеткіштері мүлде берілмеген. Аталған ғалымдар өткен шақты өз ішінен жедел өткен шақ, ауыспалы өткен шақ, бұрынғы өткен шақ деп жіктейді де, бұрынғы өткен шақ көрсеткіштері ретінде **-ған, -ып** жұрнақтарын ғана атайды.

Сонымен, 1930-жылдардың аяғынан бастап өткен шақтың көрсеткіштерін топтастыра, жинақтай беруге тырысушылық белең алып, амалдың жуық арада немесе ертеректе өткені ғана негізге алына бастаған. Алайда шақ категориясының арнайы зерттеу нысанына айналуына байланысты оның өзіндік ерекшеліктері айқындала түсті. Т. Қордабаевтың 1949 жылғы «Категория времени в современном казахском языке» деген еңбегінен [8] кейін шақтың өзіндік ерекшелігіне үңіле түсу, шақ көрсеткіштерінің уақыт, мезгілді білдіруімен қатар басқа да мәндерді аңғартатыны негізге алына бастады.

«Қазақ грамматикасында» бұрынғы өткен шақ былайша сипатталған: «*Бұрынғы өткен шақ* қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен салыстырғанда, әлдеқашан бұрын болғандығын білдіреді [9; 516]. Бұрынғы өткен шақтың екі түрлі жолмен жасалатыны туралы сөз болады: а) **-ған/-ген, -қан /-кен** тұлғалы есімшенің жіктеліп келуінен жасалады; ә) етістікке көсемшенің **-ып/-іп** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Бұрынғы өткен шақтың күрделі түрі **-ған/-ген, -қан /-кен** тұлғалы есімшеге немесе **-ып/-іп** тұлғалы көсемшеге (*еді*) көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады [9; 516].

Бұрынғы өткен шақ көрсеткіштері (**-ған/-ген**) барлық зерттеушіде кездесетінін байқаймыз. Оның атауы, негізінен, бәрінде бірдей. «Современный казахский язык» оқулығында ғана бұрынғы өткен шақ көрсеткіштеріне **-ып/-іп** жұрнақтарын атап, **-ған/-ген** қосымшасымен келген тұлғаны *обычное прошедшее* деп берген. «Қазақ тілінің грамматикасы», Ғ. Әбуханов «Қазақ тілі», М. Серғалиев, А. Айғабылов, О. Құлкенованың «Қазіргі қазақ әдеби тілі» сияқты еңбектерде бұрынғы өткен шақ көрсеткіштерінің қатарында **-ған/-ген** жұрнақтарынан басқа **-ған еді, -ып еді** түрін де атайды. Ы. Маманов **-ған еді, -ып еді** формаларын бұрынғы өткен шақ құрамында қарастырмай, *қатысты өткен шақ* қатарында таниды.

Т. Қордабаев [8], А. Ысқақов [10] өткен шақты сөйлеушінің амалды өзі басы-қасында болғандай, өз көзімен көргендей, тыңдаушысы сенерліктей етіп хабарлауына байланысты айғақты (немесе анық), айғақсыз (немесе танық) деп жіктесе, «Современный казахский язык», Ы. Маманов, «Қазақ тілі грамматикасы» (Қ. Неталиева), Ғ. Әбуханов, М. Серғалиев, А. Айғабылов, О. Құлкенованың «Қазіргі қазақ әдеби тілі», Ш. Бектұров, М. Серғалиевтің «Қазақ тілі» сияқты еңбектерде іс-әрекеттің бұрынырақта не жуық арада өтуіне байланысты жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ деп топтастырылған. Сонымен қатар «Современный казахский язык», Ы. Маманов, М. Серғалиев, А. Айғабылов, О. Құлкенова еңбектерінде бұрынғы уақытта дағдылы түрде өтіп тұрған қимыл-әрекетті жеке топтастырып, «дағдылы өткен шақ» деп берілген.

-ған/-ген қосымшасының негізгі мағынасы — сөйлеу сәтіне дейін болған іс-әрекетті білдіру. Бұл форманы тануда ғалымдар арасында екі түрлі бағыт бар: бірі — **-ған/-ген** тұлғасының негізгі мағынасы ретінде нәтижелі қимылды білдіруін атаса, енді бірқатары шақтық мәнін негізгі деп есептейді. Ы. Маманов **-ған/-ген** тұлғасының мағыналық ерекшелігі туралы былай дейді: «Бұрынғы өткен шақ формасын сөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болған істі жай хабарлау түрінде емес, тыңдаушыға сол өткендегі істің, қимылдың болу, болмау нәтижесін баса түсіндіріп, соған көңіл аудару керек болған жағдайда қолданады» [11; 106]. Сонымен қатар түркітануда Н.К. Дмитриев,

Б.А. Серебренников, Д.Г. Тумашева сияқты ғалымдар да **-ған/-ген** тұлғасының негізгі мағынасы істің нәтижесін білдірумен байланысты сипаттайды.

А. Жаңабекова уақытты қатыстық тұрғыдан ғана сипаттауға болатынын, тілдік уақыт та қатыстық уақытқа жататынын айта келіп былай дейді: «Темпоралдылық — актуалданған категориялардың межелі типіне жататын векторлық категория; сөйлеу сәті — шақтық меженің орталығы және шақтық қатынастардың негізгі бастау нүктесі болып табылады; бастау нүкте — (точка отсчета) шақ (темпоралдылық) категориясын межелі категория деп атаудың негізгі критерийі. Бастау нүкте — шақ түрлерінің анықтағышы, ол осы анықтағыштық сипатына сәйкес шақтық дейктикалық орталық болады. Шақтық дейктикалық орталыққа тілдік емес сөйлеу сәтімен қоса басқа да бастау нүктелер, яғни екіншілік шақтық межелер де енеді; сөйлеу сәті дейктикалық орталық болу қызметін атқарып тұрса, шақ абсолютті болады да, дейктикалық орталық болу қызметі сөйлеп тұрған уақыттағыдан басқа екінші бір қимылдың өту мерзімін атқарса, онда ол қатыстық шақ болады» [12]. Яғни Б.А. Мамановтың **-ған еді, -ып еді** тұлғаларын қатыстық өткен шақ ретінде тануын өткен шақтың бұл тұлғаларында «дейктикалық орталық болу қызметі сөйлеп тұрған уақыттағыдан басқа екінші бір қимылдың өту мерзімін атқаруына» байланысты түсіндіруге болады. Ғалым *дағдылы өткен шақты*: «қимыл иесінің ертеде дағдысына айналған іс-әрекетін, қимылын білдіретін етістік формасы», — деп сипаттайды [11; 132]. Сонымен қатар «Современный казахский язык», М. Оразов, М. Серғалиев, А. Айғабылов, О. Құлкенованың «Қазіргі қазақ әдеби тілі», т.б. еңбектерінде де **-шы еді, -атын еді** көрсеткіштері *дағдылы өткен шақ* ретінде берілген. Т. Қордабаев, А. Ысқақов еңбектерінде өткен шақтың бұл түрі жеке сараланбай, *айғақты (анық) өткен шақ* көрсеткіштерінің қатарында түсіндіріледі. Аталған ғалымдар өткен шақты өз ішінен *айғақты (анық) және айғақсыз (танық)* деп жіктейді де, айғақты өткен шақ түрлеріне **-атын, -ған, -ған еді, -ып еді, -ушы еді** көрсеткіштерін атайды. Ал айғақсыз немесе танық өткен шақ түрлеріне **-ып, -ған екен, -ады екен** көрсеткіштерімен қатар **-са керек, есімше + шығар, сияқты, білем, тәрізді, көрінеді** сияқты формаларды қосады. Бұл көрсеткіштерді Қ. Неталиева бұрынғы өткен шақ қатарында түсіндірген [13]. Ал басқа ғалымдарда өткен шақтың мағыналық топтарының ішінде бұл көрсеткіштер кездеспейді. Н. Сауранбаев, Ғ. Бегалив, Б.А. Маманов, Ғ. Әбуханов, М. Серғалиев, А. Айғабылов, О. Құлкенова оқулықтарында **-ып/-іп** жұрнақты өткен шақ түрі **ежелгі өткен шақ** деп аталған. Өткен шақтың бұл түрі туралы Т. Қордабаев былай деп жазады: «Өткен шақтық көсемше етістіктер, біріншіден, баяғыда болған, қазір ұмытыла бастаған ертегілерде көбірек қолданылса, екіншіден, іс-әрекеттің басы-қасында айтушының өзі болмағандығын, оны басқа біреулерден есту арқылы білгендігін немесе іс-әрекеттің қашан, қалай болғандығын өзінің ұмытқанын, есінен шығып кеткенін байқату үшін де қолданылады» [14; 79]. Т.Қордабаев өткен шақты *айғақты, айғақсыз өткен шақ* деп бөледі. Ғалым айтушы я жазушы іс-әрекеттің болған-болмағанына өз көзі әбден жететіндей, өзі соның басы-қасында болғандай сеніммен айғақ бола сөйлеген өткен шақтың түрін *айғақты өткен шақ* деп атап, оны өз ішінен айғақты өткен шақтың жедел түрі (**-ды/-ді**) және айғақты өткен шақтың бұрынғы түрі (**-ған /-ген, -атын/-етін, -ушы/-уші**) деп топтастырады. Ғалым өткен шақтың бұл түрінің өзіндік ерекшелігін былайша сипаттайды: «Мұндағы әңгіменің түйіні, іс-әрекет, жай-күйлердің болу мезгілінде, көнелігінде ғана емес, сол іс-әрекеттердің қалай болғандығын айтушының өз көзімен көрмегендігінде немесе ұмытқандығында, сондықтан оған өзінің айғақ бола алмайтындығында. Өткен шақтық көсемше формаларының бұл айтылған айғақсыздық мағынасы — оны өткен шақтық есімше формаларынан да, өткен шақтың басқа көрсеткіштерінен де жекелеп танытатын ең басты мағыналық ерекшелігі» деп анықтайды [14; 79]. Б.А. Маманов **-ып/-іп** тұлғасын ежелгі өткен шақ ретінде танып, оны былайша сипаттайды: «сөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болып өткен істі, қимылды өз көзімен көрмей, екінші бір адамның айтуымен, немесе басқа бір жағдай арқылы білсе, осы ежелгі өткен шақ формасында баяндайды» [11; 130]. А. Ысқақов **-ып/-іп** тұлғасын *танық өткен шаққа* жатқызады [10; 323]. Яғни ғалымдар *ежелгі, айғақты, анық және айғақсыз, танық өткен шақ* түрлерін саралауда сөйлеушінің іс-әрекетке қатысын негізге алған.

«Современный казахский язык» оқулығында өткен шақтың мағыналық реңктерінің қатарында **-мақ еді, -мақшы еді** (форма намерения), **-ар еді** (сослагательная форма) көрсеткіштерін атайды. Осы формалармен қатар А. Ысқақов **-ғай еді, -са еді, -са игі еді, -са керек еді, -ар екен, -са екен, -йын деп еді, -йын деген екен** формаларын да өткен шақтың мағыналық топтары ретінде көрсетіп, оны «неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ» деп атайды. Неғайбыл (ауыспалы) өткен шақты А. Ысқақов: «сөйлеушінің бұрын істелмекші болған, жүзеге асырылмақшы болған ниетті, мақсатты, шартты, болжалды, тілекті сөйлеп отырған кезге дейін орындалған-орындалмағанын белгісіз етіп

көрсететін формалар», — деп түсіндіреді [10; 340]. Ғалым **-са игі еді, -ғай еді, -са екен** формаларын қалау рай қатарында түсіндіреді.

Зерттеушілер арасында жедел өткен шақ атауының өткен шақтың бұл түрінің мәнін ашып бере алмайтыны, оның сөйлеу сәтінің алдындағы қимыл-әрекетті білдіру үшін қолданыла бермейтіні туралы сөз болады. Мұндай ұстаным Т. Қордабаев, Ж. Түймебаев, «Современный казахский язык» т.б. еңбектерінде сөз болады. Осыған байланысты Ж. Түймебаев: «Между тем, если мы обратимся к контекстуальным оттенкам прошедшего времени на **-ды** или сравним эту форму в казахском языке с аналогичными формами в других тюркских языках, то нетрудно убедиться, что аффикс **-ды**, хотя и употребляется в целом для выражения конкретного действия, имевшего место в прошлом, тем не менее имеет ряд оттенков в основном своем значении. Так, например, глагол с этим аффиксом, иначе говоря, форма на **-ды**, употребляется не только для обозначения недавно происходившего действия, скажем, совершенного несколько дней, несколько часов и т.д. назад, но и передает такое действие, которое имело место давно или очень давно. Поэтому следует признать, что термин, принятый в казахском языкознании «жедел өткен шақ», соответствующий по значению принятым в тюркологических работах, написанных на русском языке, терминам «достоверное», «категорическое», «определенное», далеко не является наиболее подходящим и единственно приемлемым» [15; 21].

Ы. Маманов жедел өткен шақ формасы (**-ды/-ді**) басқа шақ формалары сияқты, өткен шақтық мағынадан басқа үстеме мағына білдірмейтінін, ол сөйлеу кезінен бұрынғы қимыл, іс туралы хабарлау түрінде баяндайтынын айтады [11; 107]. «Современный казахский язык» атты еңбекте оны «незавершенное прошедшее время» деп атаған [16]. Бұл Қ.Кемеңгерұлының «несовершенное прошедшее время» деген атауына ұқсас. Оның мәнін ғалым «не вполне оконченное действие» деп түсіндіріп, оған **-ды/-ді** қосымшаларын (жедел өткен шақ) жатқызады. Т. Қордабаев өткен шақтың бұл түрі «іс-әрекеттердің жақында болған емес, хабаршының сол іс-әрекеттердің болғандығына өзінің көзі әбден жететіндей, өзі соның басы-қасында болғандай сенімді етіп беруінде» екенін айта келіп, оны «айғақты өткен шақ» деп атау керектігін айтады [14; 56]. Ғалым жедел өткен шақ пен бұрынғы өткен шақтың мағыналық ерекшеліктерін талдай келіп, былай дейді: «**-ды /-ді** аффиксті айғақты өткен шақтың жеделді түрі дегенде, мұндағы жеделділік мағынаны тек жақында болғанына көп уақыт болмаған іс-әрекеттерді білдіру үшін қолданылатындығынан деп қарауға болмайды. Асылында, шақтық көрсеткіштердің қай-қайсысы болса да, болып өткен немесе болашақ іс-әрекеттерді жалпы білдіргені болмаса, олардың болған я болатын мезгілін нақты білдіре алмайды. Ондай нақтылық — шақтық көрсеткіштердің емес, мезгіл үстеулерінің міндеті. Өткен шақ көрсеткіштерінің мағыналарынан байқалатын жеделділік я бұрынғылық ұғым іс-әрекеттердің болу мезгіліне байланысты болмайды, оның не динамикалық күйде, не статикалық күйде берілуіне байланысты болады. Мысалы, *Ол кеше жиналыста болды* деп те, *Ол кеше жиналыста болған* деп те айтуға болады. Осындағы *болды* мен *болғанның* екеуі де — бір мезгілдегі іс-әрекеттің көрсеткіштері. Бұлардың алдындағысы жақында болған істі білдіріп тұр да, соңғысы одан бұрын болған, баяғыдағы істі білдіріп тұр деу шындыққа үйлеспейді» [14; 57].

Бұл орайда «жедел өткен шақ» терминінің өткен шақтың осы түрінің мәнін толық ашып бере алмайтынын атап өткіміз келеді. Мұнда істің өту сапасы — тез өтуі, кенеттен өтуі, жай өтуі т.б. мүлде сөз болмайды. Мысалға *қарады, сөйледі, тұрды, көрді, бастады, күлді* т.с.с. етістіктерді алсақ, мұнда істің жедел, тез өткен сипатынан гөрі бұл процестің әлі аяқтала қоймағанын, яғни *әлі қарап тұрғанын, әлі сөйлеп тұрғанын, әлі тұрғанын, әлі көріп отырғанын, әлі күліп жатқанын* т.с.с. түсінеміз. Сондықтан амалдың әлі де өтіп жатқанын немесе жуық арада ғана өткенін білдіретін өткен шақ түрін «жедел өткен шақ» дегеннен гөрі «аяқталмаған өткен шақ» деп атаған түсініктірек әрі өткен шақтың осы түрінің мәнін аша түсетін сияқты. Ал оның көрсеткіштеріне **-ды/-ді** қосымшасы мен жоғарыда келтірілген — **отыр, тұр, жатыр, жүр + еді** формасын жатқызуға болады деп ойлаймыз.

Сонымен, жедел өткен шақты тануда ғалымдар бірнеше ұстанымды негізге алған. Бұл орайда С. Аманжолов, І. Кеңесбаев, С. Жиенбаев, Н. Сауранбаев пен Ғ. Бегалиев, Ы. Маманов, С. Исаев, М. Серғалиев, А. Айғабылов, О. Күлкенова, «Қазақ грамматикасы» т.б. еңбектерде жедел өткен шақтың сөйлеу сәтіне жақын арада болып өткен амал-әрекеттің өту мерзімін білдіруі негізгі жіктелік белгі ретінде алынса, Т. Қордабаев, Ж. Түймебаев, А. Ысқақов еңбектерінде жедел өткен шақ қимылдың нақты болғаны, сөйлеушінің сенімділігі сияқты модальдық реңктеріне сүйене отырып, модальдық ұстаным басшылыққа алынған. Соның негізінде жедел өткен шақтың бұл түрін

А. Ысқақов *анық өткен шақ* деп атаса, Т. Қордабаев *айғақты өткен шақ* деп атаған. «Современный казахский язык» атты еңбекте аспектілік ұстаным негізге алынған.

Бүгінде ауыспалы өткен шақ көрсеткіші ретінде аталып жүрген **-атын/-етін** тұлғасын М. Терентьев, Н. Созонтов *осы шақ есімше* деп, П. Мелиоранский, И. Лаптев *долженствовательное причастие* деп атаса, А. Байтұрсынұлы *ұйғарынды есімше* деп, Қ. Жұбанов *дағдылы тел есімше* деп, І. Кеңесбаев, Т. Ергалиев, Ғ. Бегалиев, Н. Сауранбаев *ауыспалы келер шақ есімше*, Н. Сауранбаев *келер шақ есімше*, С. Аманжолов *өткен келер шақ есімше*, Ы. Маманов *дағдылы өткен шақ*, Ж. Болатов, Ғ. Әбуханов *ауыспалы шақ*, М. Серғалиев, Ш. Бектұров *ауыспалы өткен шақ есімше*, А. Ысқақов *жалпы осы шақ есімше* деп атаған. **-атын/-етін** жұрнақтарының жалаң түрін Қ. Жұбанов *кесімді келер шақ* деп түсіндіреді, ал І. Кеңесбаев, С. Аманжолов бұл қосымшаны өткен шақтың көрсеткіші ретінде түсіндіреді. Яғни зерттеушілер бұл тұлғаны мәнмәтін ыңғайына қарай келер шақ, өткен шақ мәнінде келетінін ескере отырып атау берген. Т. Қордабаев ауыспалы өткен шақ тұлғасының келер шақ пен осы шақ мәнінде жұмсалуды мәнмәтінге байланысты болатынын айта келіп, бұл қосымшаның ертеде болған іс-әрекеттің бір емес, бірнеше рет болғанын немесе дағдыға айналғанын білдіретінін ескертеді өткен шақтағы дағдыға айналған амал-әрекетті білдіруі **-атын/-етін** тұлғасының төл мағынасы екенін айтады [14; 64].

-атын/-етін тұлғасының өткен шақтағы дағдыға айналған амал-әрекетті білдіретіні туралы Қ. Жұбанов еңбектерінде де сөз болады. Ғалым есімшенің бұл түрін *дағдылы тел есімше* деп атайды. Т. Қордабаев өткен шақты айғақты және айғақсыз өткен шақ деп жіктеп, **-атын/-етін** тұлғасын *айғақты өткен шақтың бұрынғы түріне* жатқызады. Ғалым мұнда сөйлеушінің іс-әрекет, жай-күйдің болғандығына күмәнданбайтынын, өз көзімен көргендей сеніммен айғақ бола айтатынын негізге алады. Сол сияқты А. Ысқақов та ауыспалы өткен шақ тұлғасын *анық (айғақты) өткен шақ* ретінде айқындайды. Бұл жұрнақтың ерекшелігін ғалым былайша сипаттайды: «**-атын (-етін, -йтын, -йтін)** жұрнағы арқылы жасалатын есімшенің қай мезгілді білдіруі контекске байланысты, өйткені оның қай шақты білдіру айналасындағы сөздерге қарай ауысып отырады. Бірақ бұл форма, әдетте, бұрынғы я ертерек кезде болған амал-әрекетті қазіргідей етіп, қалтқысыз сенерліктей етіп көрсету үшін көбірек қолданады да, осы шақ пен келер шақта болатын әрекетті білдіру үшін сирек жұмсалады. Оның бұл ауыспалы сипаты жұрнақтың күрделілігінен туған сияқты, мысалы, өткен шақтың мән жұрнақтың құрамындағы әуелі **-ған (тұр + ған)** бөлшегінен тиген енші болса, осы мән шақтық мән әуелгі **-а (-е, -й)** жұрнағы тұр етістігінен қалған болса керек. Ал **-атын** жұрнағының келер шақтық мәні (*баратын жұмысым бар; жөнелетін жолаушыларым бар*) сөз тіркестерінің ауқымынан пайда болатын ерекшелік тәрізді. Мысалы: *біздер уақыт-уақыт жиналатынбыз да, әлеуметтік жай, әдебиет мәселелері жөнінде пікір алысатынбыз, тіпті, кейде қатты таласатынбыз...* сияқты тексте, әрине, өткен бір кездерде болған іс-әрекет жайында сөз болып отырғаны айқын. Сонымен қатар ол формадан өткен уақыттарда болған іс-әрекет бір жолғы құбылыс емес, үнемі болып отырған, әдетке айналған, дағдылы машық болған амал-әрекет екені де бағдарланады. Осыдан бұл форманың, контекске қарай, бірде осы шақ, бірде келер шақ мәнін білдіру қасиеті қалыптасқан» [10; 302]. Яғни Қ. Жұбанов, Т. Қордабаев, А. Ысқақов сияқты ғалымдар **-атын/-етін** тұлғасының мәнін айқындауда модальдық ұстанымды басшылыққа алған.

Қазақ тіл білімінде шақ категориясына қатысты «ауыспалы» атауының қолданылуы әлі де түбегейлі зерттеулерді талап етеді. Себебі ауыспалы осы шақ, ауыспалы келер шақ, ауыспалы өткен шақ, ауыспалы келер шақ ретінде танылып жүрген тұлғалар (**-а/-е/-й; -атын/-етін, -йтын/-йтін**) бірінің орнына бірі алмасып (ауысып) қолданылмайды. Олар әрдайым осы шақтық, келер шақтық немесе өткен шақтық мағына береді. Бұл тұлғалардың шақтық мәні контекст арқылы нақтыланады. Сондықтан «ауыспалы» деген атау бұл тұлғалардың қызметін көрсете алмайды, керісінше, шатастыруға әкеледі.

Қорытынды

Сонымен, өткен шақ категориясын танып-танытуда терминдердің ала-құлалығы байқалады. Бұл орайда А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанов, Т. Қордабаев, Ы. Маманов, А. Ысқақов сынды ғалымдардың еңбектерін зерделеп, ондағы ұстанымдарды басшылыққа алуымыз қажет. Себебі *жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ* сияқты атаулар оқыту барысында елеулі қиындықтар тудырып, оқушылардың танымында жалған ақпарат тудырумен қатар жас зерттеушілердің тілдік білімінде шатастыру, түсініксіздіктердің туындауына себеп болады. Термин аталымның мәнін ашып, нақтылауға тиіс болғанмен, шақ категориясының метатілінен ондай

айқындық, нақтылық байқалмайды. Морфологиялық концепт — тілдің морфологиялық құрылымын айқындайтын ментальді сапаның бірлігі, сонымен қатар ол — морфологияны ғылым ретінде сипаттайтын ұғым. Морфологиялық концептілер метатілдік морфологиялық концепт ретінде грамматикалық терминологияға енеді. Морфология — тілдік білімді объективтендіретін, ғалам туралы білімді құрайтын сала. Онда морфологиялық категориялар мен тұлғалардың тілде қалай концептуалданатыны туралы білім қоры жинақталып, адамның концептуалды жүйесін құруда маңызды орын алатын, ғалам бейнесін қалыптастыратын іргелі концептілердің тіл туралы білімді құраудағы орны сипатталады. Сондықтан бұл саланың терминдері әлі де нақтылауды, жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Гришко Ф.Т. Прошедшее время в русском и казахском языках / Ф.Т. Гришко. — Алматы, 1964. — 28 с.
- 2 Терентьев М. Грамматика турецкая, персидская, киргизская, узбекская / М. Терентьев. — СПб., 1875. — 149 с.
- 3 Лаптев И. Краткий грамматический очерк казак-киргизского языка / И. Лаптев // Материалы по казак-киргизскому языку. — М., 1900. — С. 83, 84.
- 4 Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Фонетика и этимология / П.М. Мелиоранский. — Ч. II. — СПб., 1897. — 92 с.
- 5 Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. — Астана: Алашорда, 2017. — 740 б.
- 6 Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 2-том / Қ. Кемеңгерұлы. — Алматы: Алаш, 2006. — 262 б.
- 7 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Қ. Жұбанов. — Алматы: Ғылым, 1999. — 581 б.
- 8 Кордабаев Т. Категория времени в современном казахском языке / Т. Кордабаев. — Алматы, 1949. — 138 с.
- 9 Қазақ грамматикасы / ред. Е. Жанпейісов. — Астана: «Астана» полиграфия, 2002. — 783 б.
- 10 Ысқаков А. Қазіргі қазақ тілі / А. Ысқаков. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 382 б.
- 11 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Ы. Маманов — Алматы: Арыс, 2007. — 488 б.
- 12 Жаңабекова А. Қазақ тіліндегі уақыт ұғымының тілдік парадигмасы: филол. ғыл. докт. ... автореф.: 10.02.02 — Қазақ тілі / А. Жаңабекова. — Алматы, 2010. — 56 б.
- 13 Неталиева К. Имена действия в современном казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук: 10.02.02 — «Казахский язык» / К. Неталиева. — Алма-Ата, 1963. — 23 б.
- 14 Кордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы / Т. Кордабаев. — Алматы, 1953. — 113 б.
- 15 Түймебаев Ж. Прошедшее время индикатива в казахском языке / Ж. Түймебаев. — Алматы, 1987. — 21 б.
- 16 Қазіргі қазақ тілі / І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. — Алматы: Ғылым, 1962. — 453 б.

О.С. Жұбаева, А.Д. Кегенбекова

Формирование и развитие названий видов прошедшего времени в казахском языкознании

Статья посвящена изучению образования и развития терминов, относящихся к категории прошедшего времени в казахском языке. По предмету исследования были проанализированы термины по материалам работ основоположника терминологии казахского языкознания Ахмета Байтурсынова до современной академической грамматики. Определены принципы выявления, классификации и наименования категорий прошедшего времени авторов грамматических трудов на казахском языке. Основное внимание было уделено грамматическим значениям прошедшего времени, их соответствию названия совершенного того или иного действия, а также их использованию. Соответственно, была проанализирована роль каждого термина в изучении грамматики. Работы таких ученых, как А. Байтұрсынулы, К. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанов, Т. Кордабаев, Ы. Маманов, А. Ысқаков заложили основы формирования и развития названий видов прошедшего времени в казахском языкознании.

Ключевые слова: прошедшее время, термин, давно прошедшее время, переходное прошедшее время, очевидное прошедшее время.

O.S. Zhubaeva, A.D. Kegenbekova

Formation and development of names related to past tense types in Kazakh linguistics

The article is devoted to the study of the formation and development of terms related to the category of past tense in the Kazakh language. On the subject of the research, the terms related to the past tense category were analyzed, starting from the works of A. Baitursynov, founder of Kazakh linguistics terminology, to modern academic grammar. The principles of identifying, classifying, and naming the past tense categories by the authors of grammatical works in the Kazakh language are determined. The main attention was paid to the grammatical meanings of the past tense, their correspondence to the name of this or that action, as well as their use. Accordingly, the role of each term in the study of grammar was analyzed. We studied the works of such scientists as A. Baitursynuly, K. Kemengeruly, K. Zhubanov, T. Kordabaev, Y. Mamanov, A. Yskakov, and concluded that it is necessary to be guided by the principles of their work.

Keywords: past tense, term, pluperfect reliable obvious tense, past transitional tense, simple past reliable obvious tense.

References

- 1 Grishko, F.T. (1964). Proshedshee vremia v russkom i kazakhskom yazykakh [Past simple in Russian and Kazakh languages]. Almaty [in Russian].
- 2 Terent'ev, M. (1975). Grammatika turetskaia, persidskaia, kirgizskaia, uzbekskaia [Grammar Turkish, Persian, Kyrgyz, Uzbek]. Saint Petersburg [in Russian].
- 3 Laptev, I. (1900). Materialy po kazak-kirgizskomu yazyku [Materials on the Kazakh-Kyrgyz language]. Kratkii grammaticheskii ocherk kazak-kirgizskogo yazyka — Short grammatical essay of the Kazakh-Kyrgyz language. Moscow [in Russian].
- 4 Melioranskij, P.M. (1897). Kratkaia grammatika kazak-kirgizskogo yazyka. Fonetika i yetimologiiia [Short grammar of the Kazakh-Kyrgyz language. Phonetics and etymology]. Chast II — Part 2. Saint Petersburg [in Russian].
- 5 Akhmet Baitursynulynyn tiltanyndyq murasy [Linguistic heritage of Akhmet Baitursynov], (2017). Astana [in Kazakh].
- 6 Kemengeruly, Q. (2006). Ush tomdyq shygarmalar zhynagy. 2-tom. [Collection of works in three volumes. Vol. 2.]. Almaty: Alash [in Kazakh].
- 7 Zhubanov, K. (1999). Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 8 Kordabaev, T. (1949). Kategoriiia vremeni v sovremennom kazakhskom yazyke [The category of time in the modern Kazakh language]. Almaty [in Russian].
- 9 Zhanpeisov, E. (Ed.) (2002). Qazaq grammatikasy [Kazakh grammar]. Astana: «Astana» poligrafiiia [in Kazakh].
- 10 Isakov, A. (1991). Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 11 Mamanov, Y. (2007). Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 12 Zhanabekova, A. (2010). Qazaq tilindegi uaqyt ugymynyn tildik paradigmasy [Linguistic paradigm of the concept of time in the Kazakh language]. Extended abstract of Doctor's thesis. Almaty [in Kazakh].
- 13 Netalieva, K. (1963). Imena deistviia v sovremennom kazakhskom yazyke [Action names in the modern Kazakh language]. Extended abstract of Candidate's thesis. Almaty [in Russian].
- 14 Qordabaev, T. (1953). Qazirgi qazaq tilindegi etistiktnin shaq kategoriiiasy [Tense category of verbs in the modern Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].
- 15 Tuimebaev, Zh. (1987). Proshedshee vremia indikativa v kazakhskom yazyke [Past tense of the indicative in the Kazakh language]. Almaty [in Russian].
- 16 Kenesbaev, I., Musabaev, G. (Eds.) (1962). Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].